

Студенттік кеңестің
01.09.2022 жылғы
отырысында бекітілген

Солтүстік Қазақстан жоғары медицина колледжінің студенттік Парламенті туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Солтүстік Қазақстан жоғары медицина колледжінің студенттік Парламенті балалар мен жастардың аса маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдауға бағытталған студенттік өзін-өзі басқарудың бастамашыл, дербес, жауапты қоғамдық нысаны болып табылады.

1.2 Әрбір білім алушы осы Ережеге сәйкес Парламент активіне сайлауға және сайлануға құқылы.

1.3 Парламенттің қызметі мен шешімдері білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларына бағытталған және таралады.

1.4 Өз қызметінде Парламент Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Негізгі міндеттері

2.1 Білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақытын және тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда жәрдемдесу;

2.2. Білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларда білім беру ұйымына жәрдемдесу;

2.3. Білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық көзқарасқа, білім алушылардың сана-сезімін және олардың білім деңгейіне деген талапшылдығын арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыс жүргізу;

2.4. Білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;

2.5. Білім алушылардың шығармашылық белсенділігі мен көркемөнерпаздығын іске асыру;

2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие беру және академиялық адалдық қағидаттарын іске асыру жөніндегі іс-шараларды өткізу.

3. Парламенттің қызметі

Handwritten signature in blue ink.

3.1 Колледждің Студенттік парламенті өз қызметін тәрбие жұмысы жөніндегі бөліммен және КДМ төрағасымен үйлестіреді.

3.1 Білім беру ұйымының білім алушылары мен педагогтары сайлауда сайлайтын президент Парламент көшбасшысы болып табылады.

3.2 Президент пен парламент мүшелері бір оқу жылына сайланады.

3.3 Парламент Президенттен, оның орынбасарларынан, басшыларынан және парламент фракцияларының мүшелерінен тұрады. Қажет болған жағдайда Парламенттің шешімі бойынша оның құрамына білім алушылар арасынан Парламент мүшелері қосымша сайланады.

Парламент мүшелерін сайлау топтардың жиналыстарында жүзеге асырылады.

3.4 Парламент Президенті:

1. Парламенттің қызметіне басшылық жасайды және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады;
2. Өз орынбасарлары, фракция жетекшілері арасында міндеттерді бөледі және олардың қызметін үйлестіреді;
3. Өз міндеттерін орындау кезінде білім беру ұйымының басшылығы берген құқықтарды пайдаланады;
4. Парламент білім беру ұйымы Парламентінің қызметі туралы Ережені басшылыққа бекітуге ұсынады.

3.5. Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

Құқық және тәртіп фракциясы.

Ақпарат фракциясы (баспасөз қызметі).

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.

Өзін-өзі тану және бақыт (психология).

Қамқорлық фракциясы (волонтерлік).

Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).

Дебат қозғалысының фракциясы.

Экология және еңбек фракциясы.

Парламенттің жоғарғы органы – фракция жетекшілерінің жалпы жиналысы.

3.5.1 Парламент қызметін жоспарлау білім беру ұйымының жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

3.5.2 Парламент Президенті білім беру ұйымының барлық алқалы органдарының жұмысына қатысады.

3.5.3 Парламент мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен байланысты жүзеге асырады.

3.5.4 Парламент білім беру ұйымының алдында тұрған міндеттерді тиімді орындау мақсатында педагогикалық ұжыммен өзара әрекеттестік жасайды.

4. Парламенттің құқықтары мен міндеттері

4.1 Білім беру ұйымдары білім алушыларының мүдделерін қозғайтын ережелерді, жұмыс жоспарларын әзірлеуге және жетілдіруге қатысу;

4.2 білім алушылардың мүдделерін қозғайтын әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешуге, оның ішінде білім беру ұйымының қаражатын,

дотацияларды және мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларына, демалуға және емдеуге бөлінетін қаражатты бөлуге қатысу;

4.3 білім алушылардың оқу тәртібін және білім беру ұйымының, сондай-ақ студенттік жатақханалардың ішкі тәртіп ережелерін бұзуына байланысты мәселелерді қарауға қатысу;

4.4 оқу және оқудан тыс қызметтің түрлі салаларындағы жетістіктері үшін білім алушыларды көтермелеу жүйесін әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

4.5 білім беру ұйымының білім алушыларының өтініштері мен шағымдарын қарауға және талқылауға қатысуға;

4.6 білім беру ұйымының КДМ төрағасынан Студенттік Парламенттің қызметіне қажетті ақпаратты белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

4.7 білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін наразылықтың заңды нысандарын айқындау және пайдалану;

4.8 білім беру ұйымдарының сабақтан тыс іс-шараларын жоспарлауға, дайындауға, өткізуге және талдауға тікелей қатысу;

4.9 білім беру ұйымдарында құрылатын клубтардың жұмысына қатысу.

4.10 Парламент міндетті:

- білім алушылардың сана-сезімін және олардың білім деңгейіне деген талапшылдығын арттыруға, білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарауға тәрбиелеуге, оқу корпустары мен студенттік жатақханаларда оқу тәртібі мен құқықтық тәртібін нығайтуға, білім алушылардың азаматтық сана-сезімін арттыруға, борыш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған жұмысты жүргізу;

- білім беру ұйымының Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін орындау бойынша білім алушылармен жұмыс жүргізу;

- оқудан тыс қызметті ұйымдастыру мәселелерінде білім беру ұйымының басшылығына жәрдемдесу.

5. Парламент қызметін қамтамасыз ету

5.1 Білім беру ұйымының басшылығы Парламенттің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасайды, бөлмелерді (кабинеттерді), байланыс құралдарын, ұйымдастыру техникасын және басқа да қажетті материалдарды өтеусіз пайдалануға береді.

6. Жауапкершілік

Студенттік Парламент мүшелері:

6.1 Колледждің студенттік Парламенті туралы бекітілген Ереженің сақталуы үшін

6.2 қойылған міндеттерді уақтылы және сапалы орындалуы үшін

6.3 ҚР заңнамасын, сондай-ақ осы Ережеде көзделген нормалардың сақталуы үшін **жауапты.**